

"Ұсынылған байланыс қызметінің нәтижелері бойынша және субъектінің цифрлық шешімді ендіруі бойынша есепті ақпарат нысаны" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 2026 жылғы 21 шілдедегі № 428/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 23 шілдеде № 39377 болып тіркелді

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Ұсынылған байланыс қызметінің нәтижелері бойынша және субъектінің цифрлық шешімді ендіруі бойынша есепті ақпарат нысаны" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі

Ж. Мадиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Жасанды
интеллект және цифрлық даму
министрі
2026 жылғы 21 шілдедегі
№ 428/НҚ Бұйрықпен
бекітілген

"Ұсынылған байланыс қызметінің нәтижелері бойынша және субъектінің цифрлық шешімді ендіруі бойынша есепті ақпарат нысаны" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Телекоммуникациялар комитетіне ұсынылады.

"Ұсынылған байланыс қызметінің нәтижелері бойынша және субъектінің цифрлық шешімді ендіруі бойынша есепті ақпарат нысаны" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысаны <https://www.gov.kz/memleket/entities/telecom> интернет-ресурсында орналастырылған.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанның атауы: "Ұсынылған байланыс қызметінің нәтижелері бойынша және субъектінің цифрлық шешімді ендіруі бойынша есепті ақпарат нысаны".

"Ұсынылған байланыс қызметінің нәтижелері бойынша және субъектінің цифрлық шешімді ендіруі бойынша есепті ақпарат нысаны" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): БҚЦШ - 1.

Кезеңділік: тоқсан сайын.

Есепті кезең: 20__ жылғы ____ дейін. "Ұсынылған байланыс қызметінің нәтижелері бойынша және субъектінің цифрлық шешімді ендіруі бойынша есепті ақпарат нысаны" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: байланыс операторлары.

"Ұсынылған байланыс қызметінің нәтижелері бойынша және субъектінің цифрлық шешімді ендіруі бойынша есепті ақпарат нысаны" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей.

Жеке сәйкестендіру нөмірі/ Бизнес-сәйкестендіру нөмірі	
---	--

Жинау тәсілі: қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіште.

№	Кәсіпорын туралы ақпарат	Есепті кезең	Іске асырылған цифрлық шешімдер	Байланыс қызметін ендіру бойынша қаржылық есеп	Қосымша мәліметтер

1	2	3	4	5	6
---	---	---	---	---	---

Телефон: _____

Электрондық пошта мекенжайы: _____

Орындаушы _____ қолы _____ телефон _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға

_____ қолы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Мөрдiң орны (болған жағдайда) (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда) _____

"Ұсынылған байланыс
қызметінің нәтижелері
бойынша және субъектінің
цифрлық шешімді ендіруі
бойынша есепті ақпарат
нысаны" әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысанға
қосымша

"Ұсынылған байланыс қызметінің нәтижелері бойынша және субъектінің цифрлық шешімді ендіруі бойынша есепті ақпарат нысаны" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсініктеме (БҚДШ - 1, тоқсан сайын)

1. Осы түсіндірме "Ұсынылған байланыс қызметінің нәтижелері бойынша және субъектінің цифрлық шешімді ендіруі бойынша есепті ақпарат нысаны" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру жөніндегі талаптарды айқындайды.

2. "Реті бойынша нөмір" нысанының 1-бағанында реті бойынша нөмірлеу көрсетіледі және кейінгі ақпарат реті бойынша нөмірлеуді үзбеуге тиіс.

3. Нысанның 2- бағанында кәсіпорынның атауы, тіркелген мекенжайы, басшысының (жеке немесе заңды тұлға) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) байланыс деректері көрсетіледі.

4. Нысанның 3-бағанында есепті кезең (басталуы мен аяқталуы) көрсетіледі.

5. Нысанның 4-бағанында процестерді автоматтандыруға, белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған қолданбалы цифрлық жүйелер мен олардың жұмыс істеуіне қажетті бағдарламалық-аппараттық кешендердің жиынтығын білдіретін цифрлық шешімнің және (немесе) жобаның атауы, сондай-ақ цифрлық шешімді ендірудің басталу және аяқталу күндері көрсетіледі.

6. Нысанның 5-бағанында шығыстарды баптар бойынша бөле отырып (мысалы: жабдық, қамтамасыз ету, көрсетілетін қызметтер және басқалары) байланыс қызметін ендіруге жұмсалған шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі.

7. Нысанның 6-бағанында субсидиялау процесіне қатысты ескертулер мен ұсынымдар көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК